

СЕМИОСФЕРА

Әлем суреттемесіндегі сан семантикасы мен символикасы

2-тарау. Ойшыл әлемдер арасында





Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 15. Әлем суреттемесіндегі сан семантикасы мен символикасы

Мәдениетті қандай да бір тіл және осы тілдегі мәтіндердің бүкіл жиынтығы ретінде қарастыру, әлбетте, үйрету туралы мәселені көтереді. Егер мәдениет – тұқым қуалаушылық емес ақпараттың жиынтығы болса, онда бұл ақпарат адам мен адамдар ұжымдарына қалай енеді деген сауал орынды болар еді. Бұл тұрғыда бізді осы проблеманың бір қыры ғана қызықтырып отыр: «үйрету» тетігі мен мәдениет коды құрылымының арасында тәуелділік бар ма?

Қандай да бір табиғи тілді меңгеру кезінде үйрету екі жолмен жүргізілуі мүмкін екенін еске сала кету керек:

1. Біріншісі ерте жастан ана тілін үйрету барысында іске асырылады. Бұл жағдайда үйренушінің санасына ешқандай қағидалар енгізілмейді – оларды мәтіндер алмастырады. Бала қисапсыз қолдануларды есіне сақтап қалады да, солардың негізінде өз бетінше мәтіндер тудыруға үйренеді.

2. Екінші жағдай үйренушінің санасына өз бетінше мәтіндер тудыра алатын белгілі бір қағидалар енгізілген кезде іске асырылады. Бұл ретте, бірінші жағдайдағы секілді, үйренушінің санасына мәтіндер енгізілгенмен, іс жүзінде бұл мәтіндер метамәтіндер, дәлірек айтқанда, үлгі-қағидалар ретінде қызмет ете отырып, дәрежесі көтеріледі.

Түптеп келгенде, тіл үйрету практикасында екі әдісті қатар бір тілге қолдануға болса да, мәдениет типологиясында олар ішкі құрылымның әртүрлі жүйелерімен байланысты болып шығады. Бір мәдениеттер өзін прецеденттердің, қолданыстардың, мәтіндердің белгілі бір жиынтығы ретінде, енді бір мәдениеттер нормалар мен қағидалардың жиынтығы ретінде қарастырады. Бірінші жағдайда бар нәрсе дұрыс, екінші жағдайда дұрыс нәрсе бар. Мәдениет үшін үйрету кезеңінің маңыздылығы оның бастапқы кезінің ерекше белгіленгендігінен көрініс табады: әр мәдениет үшін оны енгізу фактісі мен бастаушының, яғни жүйені үйреткен, негізін салған, ұжым санасына енгізген жанның тұлғасы айқындаушы сәттердің бірі болып табылады. Алайда мәдени кейіпкерлер, негіз салушы құдайлар өздерінің ашатын мәдениеттерінің сипатына сәйкес екі топқа бөлінеді: бірі белгілі бір мінез-құлыққа үйретеді, үлгілер ұсынады, екіншілері қағидалар енгізеді. Біріншілері мәдениетті мәтіндердің жиынтығы ретінде ашса, екіншілері метамәтіндер ұсынады. Бірінші жағдайда нұсқамалар рұқсат сипатына, екінші жағдайда тыйым сипатына ие. Негізгі қағидат ретінде бірінші типтегі мәдениет әдет-ғұрыпты, екінші типтегі мәдениет заңды алға тартады. Бұл атаулар шарттылығының бүкіл өлшемін тани келе, біріншісін «мәтіндер мәдениеті», ал екіншісін «грамматикалар мәдениеті» деп атайтын боламыз. «Мәтіндер мәдениеті» айрықша метадеңгейді – өз қағидаларын жасауды көздемейді. Ол өзін-өзі сипаттауға талпынады. Ал егер оған қағидалар енгізілсе, онда олар мәтіндерге қарағанда төмен бағаланады.

Мәдениетті «үйрету» тұрғысынан қарастыру оның құрылымы мен табиғи тілдің арасындағы айырмашылықты да ашады. Табиғи тіл, біз оны өз санамызға қисапсыз мәтіндерді енгізу арқылы мысалдардың немесе қағидалардың көмегімен үйренсек те, түптеп келгенде ол өзінің ішкі құрылымында өзгеріссіз қала береді. Үйрету тәсілі тілдің құрылымымен емес, қабылдаушы сананың құрылымымен айқындалады. Прагматика, мәтіндер функциясы табиғи тіл үшін оның жүйесіне кірмейтін сыртқы нәрсе болып есептеледі. Қандай да бір жүйенің ішіндегі ықтимал ақпараттан ғана емес, сондай-ақ сол жүйедегі қандай да бір тарихи ұжымның алған нақты ақпаратынан құралған мәдениет үшін сананың мәтіндерді қабылдайтын құрылымы, мәтіндердің функционалдық қолданыстарының жинағы сыртқы нәрсе болып саналмайды. Бұл мәдениет әлгі жүйенің ішкі құрылысының бір қырын құрайтын болады. Сондықтан жүйені ұжымның санасына енгізу, «үйрету» тетігі мәдениет үшін сыртқы нәрсе емес. Бұл жерде қабылдаушы сананың құрылымы, мәдениеттің көп факторлылығы мен көп жүйелілігінің себебінен анағұрлым белсенді. Ал сана құрылымының өзі қабылданатын жүйеге қарсы келмейді, ол бар болғаны бұрын меңгерілген тілдердің жүйесі. Қабылдаушы сана мен оған енгізілетін жүйенің арақатынасын, әрқайсысы қарсыласын өзіне ұқсатып өзгертуге, оны «өзінің аудармасы» етуге талпынатын әртүрлі тілдегі екі мәтіннің соқтығысы ретінде елестетуге болады. Егер лингвистика осы тілдердің әрқайсысын жеке жүйе ретінде зерделесе, онда мәдениеттанудың нысаны олардың күресі, өзара шиеленісі, яғни олардың өзара қатынастарының барлық жиынтығынан құралған бірыңғай жүйе ретіндегі мәдениет. Осылайша, «мәтіндер жиынтығы болу» не «қағидалар жиынтығы болу» қағидаты әрі қарай ұжым санасына енгізілетін барлық материалдарға ықпалды әсер ететін жасырын мәдениеттудырушы бағдарламаға айналады.



Мәтін қағидаттарының негізінде құрылған мәдениетке енгізілетін заңдар мен нормалардың іс жүзінде әдет-ғұрыптар мен рәсімдер ретінде қалай жұмыс істей бастайтынын, ал кері жағдайда мәдениеттің кодификациялану арқылы өз грамматикасын белсене бөлетінін бақылаған қызықты болмақ.

Бұл мәселе мәдениет өзінен автомодельдеуші мәтіндерді бөліп шығарып, өз жадына өзінің тұжырымдамасын енгізетін өзін-өзі тану кезеңінде ерекше елеулі болады. Дәл осы кезеңде, ең алдымен, мәдениет тұтастығы пайда болады. Кез келген мәдениет күрделі және кереғар кешен. Мәдениеттің автомоделі, әдетте, одан доминанттар бөледі, ал бұлардың негізінде сол мәдениет мәтіндерінің өзін-өзі тануы мен өз шифрын өзі ашуы үшін код ретінде қызмет етуі тиіс біріздендірілген модель құрылады. Бұл функцияны атқару үшін ол модель үйлесімді құрылым түрінде ұйымдастырылуы тиіс. Мәдениет тарихының сол не басқа мәдениеттің мәтіндерін, оның бір қатардағы автомоделін зерделейтіні тек жаңылысқа әкеп соғады. Мәселен, мәдениеттің автомоделі баянсыз, бейшынайы, жалған және мәдениетке кіретін мәтіндерге қарсы қойылады деп тон пішу ағаттық болар еді. Автомодель – мәдениетті «қайта реттеудің» оған жүйелік тұтастық дарытатын және көп жағдайда оның қасиеттерін ақпараттық қор ретінде айқындайтын қуатты құралы.

Мәдениет пен оның автомоделінің арасындағы қатынастар айтарлықтай күрделі болуы мүмкін. Табиғи тілде грамматика сол тілдегі мәтіндерді барынша нақты сипаттауға ұмтылса және екеуінің арасындағы кез келген алшақтық – ғылыми сипаттауды жетілдіру арқылы жойылатын жағымсыз құбылыс болса, ал мәдениет жүйесінде жағдай басқаша. Мұнда әртүрлі процестер жұмыс жасауы мүмкін:

1. Мәдениеттің нақты бар мәдениетке мейлінше жақындауға ұмтылатын автомодельдерін құру.

2. Мәдениет практикасынан өзгешеленетін және осы практиканы өзгертуге арналған автомодельдер құру. Мәдениет пен оның моделінің тұтастығы бұл жағдайда мінсіз жай-күй сипатына ие болып, саналы күш салу мақсатын көздейді.

3. Мәдениеттің автомодельдері одан бөлек өмір сүреді және бөлек жұмыс жасайды, олардың арасындағы жақындық тіптен тұспалданбайды да, өйткені дәл осы алшақтық қандай да бір ақпараттық маңызға ие.

Алайда ғылыми тұрғыда еш құны жоқ заңның немесе әдет-ғұрыптың басымдықтары туралы пайымдардан абай болған абзал. «Грамматикалық» құрылымдар саласында оң мәдени тәжірибенің жиналуы мен әдет-ғұрыптың энтропиялық ықпалының мысалдарын келтіруге болар еді. Бірақ замоскворечьялық тұрмыстың күллі құқықсыздығы мен заңсыздығы әдет-ғұрып формаларында жасалғанын ғана еске салсақ, әдет-ғұрыптың тұтасып қалған қабаттары, өз кезегінде, тұтас жүйені құрғаны соншалық, тіпті ақпарат жинауға да, тұлғаның болжамсыз әрекеттеріне де бірде-бір орын қалмады. Сонымен, мәдениет кодын құрастырудың жоғарыда сипатталған екі қағидаты қалай байланысады?

1. Мәдениеттің аталған типтері тұрақты ұлттық, яғни аймақтық сипаттамалар ретінде қаралуы ықтимал. Сол ұжымның тарихи өмірінің қатталып құжатталмаған терең қойнауларында мәдени тәжірибені ұйымдастыру типі әртүрлі дәуірлердегі мәдени міндеттерге бейімделіп, ғасырлар бойы сақтала отырып, үлкен тұрақтылық танытуы мүмкін. Бұл жағдайда мәдениеттер мен мәдени аймақтардың өзара әрекет ету проблемалары мәдени кодтардың бөлінген типтерінің арақатынасымен шиеленісе түседі. Бірдей мәтіндер өзгеше ұйымдасқан мәдениет типіне өте отырып, функционалдық тұрғыда өзгеше ұғынылатын бірқатар жағдайларды көрсетуге болар еді.

2. Бірақ дәл осы типтерді мәдениеттің ішкі дамуының заңдылыққа сай алмасатын кезеңдері ретінде де қарастыруға болады. Жеке тұлғаның жадына грамматикалық қағидаларды енгізу белгілі бір тілді меңгеру дегенді білдіреді, ал мәтіндерді үйрету бастапқы нүкте болуы мүмкін. Біріншісінің ересектерге шет тілін үйрету кезінде, ал екіншісінің балаларға ана тілін үйрету кезінде пайдаланылатыны кездейсоқ емес. Сондықтан мәдениет кодын құрастырудың екі типін құрастыру қағидаттарын маятник тәрізді алмастыру кезінде жүзеге асырылатын біртұтас эволюцияның кезеңдері ретінде қарастыру қалыпты жағдай.



3. Мәдениет күрделі және көп факторлы механизм. Ол өздігінен бапталатын жүйенің белгілерін көрсетеді және өз құрылысын өзі реттеп, өзі қиындатуға қабілетті. Бұл қабілет ішкі құрылыстың әртектілігімен тығыз байланысты. Мәдениет қабатында әртүрлі бөліктердің құрылымы алуан түрлі. Оған мәдениеттің бүкіл қабатын сыртқы орта деп қарайтын іштей тұйық, дербес құрылымы бар жекелеген қосалқы жүйелер кіреді.

Мәдениет тарихының деректері мәтін құрастырудың екі типін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- біріншісі бір қағидалар жүйесімен байланысып, оның іске асырылуын көрсетеді. Бұларда белгілі бір канонның орындалуы бағалы әрі белсенді болады. Оларға фольклорлық және ортағасырлық мәтіндер, классицизм дәуірінің шығармалары жатады.
- екіншісі екі не одан көп нормалар жүйесіне таралады да, сәйкесінше, әрқайсысына қатысты тәртіп бұзушылық тұрғысынан көрініс табады. Мәтіннің өз «тілінен» ауытқуы оның маңызды бөлігін құрайды.

Дәл осы бірінші тип зерттеушілердің зейінін табиғи тілдер мен айқын параллелизмінің арқасында баурады. Оларды зерделеу үшін лингвистикалық-семиотикалық әдістерді қолданумен байланысты жетістіктер айқын. Алайда бұл жерде бір парадоксқа назар аударған дұрыс болар еді: табиғи тілдер бейнелеу саласын автоматтандырады, бірақ хабарламаның мазмұны мейлінше кең болып қала береді, демек, барлығы туралы айта беруге болады. Бірінші типтегі көркем мәтіндер дәл осы салаға қатаң шектеулер қояды. Осыдан бейнеленуі канондалған және мазмұны соншалық стандартталған жүйе шығады. Бұл жүйе толығымен артық болуы тиіс еді. Соның есебінен, барлық деңгейлердегі қағидалардың маңызды орындалуы бейайқын болған жағдайда осы мәтіндердің болжамсыздығы пайда болады.

Бізге жақсы таныс «адресант/адресат» коммуникациялық схемасынан бөлек, осы екі тұлға бас қосатын автокоммуникация ұғымы бар деген гипотезаға жол берсек, шешім табылып қалуы мүмкін. Егер хабарламаны жіберуші/алушы тұрғысынан қарастыра отырып, ұлттық ағзаны не жалпы адамзатты зерделейтін болсақ, жеке адам үшін салыстырмалы түрде екінші кезектегі бұл жағдай, бірден басымдылыққа ие болар еді. Автокоммуникация қарым-қатынас схемасына түбегейлі тың ештеңе енгізбейтін сияқты көрінуі мүмкін. Мәселен, біз өзіміз үшін жадымызға сақтай отырып, адресант/адресат арасындағы кеңістік бойынша алшақтықты уақыт бойынша алшақтықпен алмастырамыз. Алайда бұл жерде айырмашылық түбегейлі сипатқа ие және бізге әлі автокоммуникация грамматикасын құрастыру қажет деген гипотезаны айтуға болады.

Бұл жерде, шамасы, екі салаға бөлуге тура келеді, атап айтқанда:

1) Мнемоникалық типтегі автокоммуникация – өзіне мәлім болған нәрсені хабарлау. Бұған есте сақтауға арналған түйіншектер, түйіншектік жазу, сауатсыз, бірақ мәтінді жатқа білетін адамның кітап оқуы жатады.

2) Шамамен «ашылу», «шабыт» ұғымдарымен айқындалатын автокоммуникация: өзіме өзім енгізетін ақпарат менің жадымда сақталып қалған алдыңғы ақпаратпен байланысқа түседі, оны қайта ұйымдастырады, сөйтіп нәтижесінде «шығатын жерде» ақпарат едәуір көбейеді.

Біреумен коммуникация және автокоммуникация ретінде құрылған тілдер, әлбетте, белгілі бір метадеңгейде бірыңғай семиотикалық жүйеге түйісуі мүмкін. Бұл олардың құрылысында әртүрлі құрылымдық қағидаттар басым болады деген фактіні жоққа шығармайды. Автокоммуникациялық тілдің синтагматикасын құрастырған өте қызықты. Модельдеуші жүйелердің әртүрлі типтерінде сыртқы коммуникация мен автокоммуникациялық байланыстардың меншікті салмағы әртүрлі деп болжауға болар еді. Табиғи тілдегі мәтіндерде біріншісі басым, ал өнерде екіншісі алға шығады.

Мәдениеттің әртүрлі типтерінің қандай да бір байланыс түріне бағдарланушылығы одан өткен маңызды. Қарастырылып отырған мәселенің екі қыры бар. 1) Адам санасында ақпарат көбейген кезде болатын нәрсе психологиялық проблема болып табылады. Оны психология құралдарымен зерделеу қажет. 2) Бірақ «кіретін жер» мен «шығатын жердегі» ақпараттың арасындағы ең үлкен алшақтық беретін мәтіндерді лингвистикалық-семиотикалық әдістермен зерделеуге болады. Осы типтегі мәтіндердің құрылымы мен қызметі туралы толығырақ



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 15. Әлем суреттемесіндегі сан семантикасы мен символикасы

және тиянақты деректер алған кезде, алдыңғы дәрістерде назар аударған парадокстың автокоммуникациялық мәтіндерге «сыртқы» коммуникацияларды зерделеу негізінде әзірленген өлшемшарттарды дұрыс қолданбаудың нәтижесінде туындайтыны түсінікті.

Көркем мәтіндердегі «аяқтама» және «бастама» ұғымдарының модельдеуші мәні туралы мәселені талдай отырып, екі маңызды дүниені атап көрсетуге болады:

1. «Аяқтаманың» немесе «бастаманың», не болмаса екеуінің де белгіленгендігі қосымша модельдеуші жүйелердің ерекшелігін құрайды. Уақыттан тыс кодпен байланысты табиғи тілдер мен уақыт бойынша өріс жаятын хабарламалар басқаша көрініс береді: уақыт табиғи тіл құралдарымен «бастама» мен «аяқтаманың» арасындағы нәрсе ретінде емес, хабарламамен оның алдыңғы немесе кейінгі хабарламамен алшақтығының дәрежесіне қарай бірмезеттілік қағидаты бойынша модельделеді.

2. Бейкөркем типтегі (миф, дін) қосымша модельдеуші жүйелерде жүйенің «сөйлеуі» мен «тілінің» арасындағы қатынас басқаша құрылады. Сол модельдеуші түсініктердің иесі үшін жүйенің «сөйлеуі» – түсіндірілуге тиіс қоршаған әлем, ал «тілі» – оны дешифрлеуші мәдени модель. Бұл ретте белгілі бір мәдени кезеңде заңдылыққа сай бұл жүйенің тұтас «сөйлеуі» туралы, яғни оның жекелеген дешифрлеуші таңбалардың жиынтығын емес, жалпы қандай да бір абстрактылы: мифологиялық, діни не басқа да модельді іске асыратын әлемді құрайтыны туралы түсінік туындайды.

3. «Бастама» мен «аяқтама» категориялары бастапқы нүкте. Осы нүктеден әрі қарай кеңістіктік, уақыттық конструктивтік құрылыстар дамиды. Бұл категориялардың біреуінің айрықша белгіленгендігі басқасының ұқсас құрылымдық позициясын мүлде тұспалдамайды, себебі олар жүйелердің барлығында бірдей жұптас оппозицияны құрай бермейді. Мұнымен «дұрыс» тарихи дамудың екі тұжырымдамасы байланысты: бастапқы нүктеге қайтып келу немесе соңғы нүктеге жақындау, тарихтың алға не кері қарай ағымы туралы түсінік.

4. «Бастамасы» мен «аяқтамасы» бірдей белгіленген әлем модельдері аталған типтерден туындайды. «Бастама» мен «аяқтама» категорияларынан тыс әлемнің циклдік модельдері мен ахрондық жүйелер орналасқан. Анықталған құрылымдар жас, өзін-өзі танытатын, өз өмірінің ақиқатын танитын мәдениеттерге сәйкес келеді. Мұндай мәдениеттер өздерін қайшылықсыз және тұтастай құнды деп санайды. Қақтығыс сыртқа шығарылады және алдыңғы мәдениетке қатынасты сипаттайды. Соңы анықталған құрылымдар кемеліне келген қайшылықтары бар, қақтығыс ішінде болатын және осы қақтығыстың трагедиялығын ұғынатын мәдениеттерге сәйкес келеді.

5. Өзінің табиғатына сай көркем құрылымдардағы хабарламалар тым шектеулі. Мәтіннің басы мен аяғы мұнда, жалпытілдік хабарламаларға қарағанда, біршама анықталған. Мұның себебі көркем мәтіндердегі «тіл» мен «сөйлеу» жоспарларының айрықша арақатынаста болуы. Кез келген көркем мәтін тек мәтін не соның көмегімен құрылатын жүйенің түсіндіргіш моделі ретінде кесімді бағалана алмайды. Белгілі бір құрылымдық-көркем түсініктерге қатысты мәтін – абстрактылы модельдің нақты инкарнациясы. Алайда өзімен байланысатын нақты әлемге қатысты мәтіннің өзі қандай да бір модель болып есептеледі. Оған қоса, мұндай қос түсіндірудің ықпалына бүкіл мәтінмен қоса, оның әр элементі мен деңгейі де тап болады. Көркем шығарманың нақты фактілердің табиғатынан шексіз «сөйлеу мәтінінің» соңғы моделі ретіндегі функциясы шектілік, түпкілік мезетін кез келген көркем мәтіннің бастапқы формаларындағы міндетті шарты етеді. Мәселен, мәтіннің басы мен соңы ұғымдары, кескіндемедегі жақтаулар, театрдағы рампарлар жатады.

Дәрісіміздің «Сан семантикасы және мәдениет типі» сұрағына қатысты жауабы:

1. Сандар мен сандық символиканың мәдениет тарихында айрықша маңызға ие екені әмбеге аян. Мәдениет тарихындағы әртүрлі дәуірлерге арналған бірталай нақты зерттеулерде «эпикалық сандар», «сандық семиотика», «сандар мистикасы» қарастырылады. Сан өзінің негізгі цифрлық мәнінен бөлек қандай да бір үстеме – мәдени-типологиялық мәнге ие болатын жағдайлардың саны өте көп. Осы дәрісімізде бұл құбылыстың мәдениетті ұйымдастыру типтерімен байланысын айқындауға тырысамыз.

1.1. Мәдениетті мәтін ретінде қарастырған жағдайда оның ішкі құрылымының екі типін бөліп көрсете аламыз деп айтқан болатынбыз.



а) Парадигматикалық – күллі әлем бейнесі элементтері бірыңғай инвариантты мәннің нұсқаларын білдіріп, әртүрлі деңгейлерде орналасатын қандай да бір уақыттан тыс парадигма ретінде көрініс табады.

б) Синтагматикалық – әлем бейнесі бірыңғай уақыт жазықтығында, бір деңгейде орналасқан, өзара арақатынас орнату арқылы мәнге ие болатын әртүрлі элементтердің реттілігі болып есептеледі. Сандық семиотиканың мағынасы бұл жағдайлардың әрқайсысында әртүрлі болады.

2. Әлемнің парадигматикалық моделі белгілі бір жолмен бағдарланған семантикалық деңгейлердің иерархиясы ретінде құрылады. Айта кетерлігі, әр қабат семиотикалық негізге жақын орналасқан келесі қабат үшін бейнелеу ретінде, ал кері бағытта жақын орналасқан қабат үшін мазмұн ретінде көрініс табады.

Бұл ретте семантикалық конструкцияға тән бірқатар белгілер пайда болады.

2.1. Деңгейлер жүйесінің жалпы құрылысы «матрешка» қағидаты бойынша құрылады, яғни әр деңгейдің сыртқы және ішкі қабаты болады. Сыртқы қабат үшін деңгей мазмұн ретінде, ал ішкі қабат үшін бейнелеу ретінде көрініс табады. Олай болса, барлық деңгейлер, біріншіден, белгілі бір межеде өзара синонимдес болса, екіншіден, қандай да бір бірыңғай мәннің шоғырланушылық дәрежесіне қарай бір-бірінен өзгеше болады. Барлық жүйенің қандай да бір бірыңғай Мәні болады. Бұл мән әртүрлі конструктивтік қабаттардан түрлі дәрежеде көрініс табады. Осылайша:

а) Барлығының мәні бар. Әр деңгей, өзіне нені қамтыса, мәселен, жансыз табиғатты, адам қолынан шыққан заттарды не ғасырлар қойнауынан келген аңызды қамтыса да, мәтін болып табылады, ал білу – оқи білу дегенді білдіреді.

б) Мәндердің әртүрлі деңгейлері өзара изоморфты. Сондықтан, бір жағынан, жалпы барлығы дешифрленуге тиіс мәтін ретінде қаралады, екінші жағынан, бір мәтін әртүрлі деңгейлерде дешифрлене алады.

Химиялық әлем құбылыстарына рухани әлемнің қасиеттері тән болса, керісінше, рухани әлем құбылыстарына химиялық әлемнің қасиеттері тән. Көне заман мен інжіл аңыздарын алхимиялық үдерістердің сыры ашылмаған сипаттамалары ретінде, ал алхимиялық мәтіндерді адамдардың рухани жетілуі немесе ғаламның ғарыштық және жұлдыздық құрылысы туралы әңгімелер тұрғысынан қарастыру талпынысы және бар.

3. Деңгейлер изоморфизмінің салдарынан әртүрлі мәтіндердің әр алуандығы бір сапаның әртүрлі сандық дәрежелерінің сипатына ие болады. Мұндай иерархиялық және парадигматикалық құрылыс бір деңгейдің элементтерін қандай да бір қарапайым жинаққа, ал басқа деңгейлердің элементтерін сандық түрлендіруге келтіру үшін негіз бола алады. Сондықтан қандай да бір ұғымның басқа деңгейдегі тиісті семантикалық элементке қатынасы санмен анағұрлым табиғи бейнеленеді. Мәдениеттің дәл осы парадигматикалық құрылымы санды мәдениет элементінен оның әмбебап символына айналдыруға септігін тигізеді.

3.1. Жоғарыда сипатталған түсініктердің салдарынан сандар туралы ғылымға ғаламның белгілі бір сандық қырын зерделейтін пәндердің бірі ретінде емес, әр жолы сол деңгейге сай жолмен түсіндіру керек сапалардың арасындағы жоғарғы қатынастардың сырын ашатын ғылым тұрғысынан қарайтын көзқарас көрініс берді. Мәселен, «Берілген математикалық заңды этика деңгейінде қалай түсіндіруге болады? Ол пәлсапалық тасты іздеу мен ғарыш заңдарын түсіндіру үшін нені білдіреді?» деген сауалдарды қоюға толық негіз бар. Пифагорлық, масондық және басқа да математикалар осылай пайда болды.

4. Мәдениет мәтінінің парадигматикалық және синтагматикалық құрылысы, тұйық пен ашықтың қарсылығы секілді, бір-біріне қарсы келеді. Екінші тип толықтай сандық емес сипатқа ие деп ойламаған абзал. Алайда онда санның басқа қырлары өзекті сипат алады. Санның мәдени рөлі парадигматикалық типтерде изоморфизм идеясымен, ал синтагматикалық типтерде реттілік идеясымен қатар байланысты өзекті сипат алады. Бірінші жағдайда сандардың символдық мәні, екінші жағдайда дәйектілік ерекшеленеді. Сәйкесінше, әлем моделі көбінесе кеңістіктік немесе уақыттық мәнге ие болады.